«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

«БЕКІТЕМІН»
Әлеуметтік даму жөніндегі проректор
_____ М. Жакауов
«____» _____ 2025 ж.

2025/2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар	Жауапты	Жүзеге асыру нысаны Мақсаты	Күтілетін нәтиже	Орындалу мерзімі
«НҰРЛЫ АҚЫЛ» *- Ұлттық құндылықтар мен толеранттылық негіздерін насихаттау, діни экстримизмнің алдын алу, білім алушылардың құқықтық сауатын арттыру және «Эрудит-адам» үлгісін қалыптастыру*					
1.	**Бірінші курс студенттерімен адаптация**	«Психологиялық қолдау қызметі» «Жастар ісі жөніндегі комитет»	***Кездесу.*** Жаңа түскен студенттерімізді психологиялық қолдау қызметімен, студеттерге қызмет көрсету орталықтармен таныстыру, моральды-психологиялық қолдау көрсету, жаңа оқу жылына дайындау.	Студенттерде әр түрлі жағдай туындағанда сенім білдіріп, қолдау күте алатын «Психологиялық қолдау қызметі» жұмысы жайлы ақпараттандырылады. Психологиялық ситуациялар мен мәселелердің алдын-алу мақсатында барлық 1 курс студенттерімен жүзбе-жүз кездесіп, пікір алмасу маңызды. Студенттерді SENIM-KAZNPU.KZ платформасына тіркеу.	1-10 қыркүйек
2.	**Психологиялық дебат «Абай vs Фрейд: психологиядағы шығыс пен батыс»**	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Дебат.*** Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының философиялық тұжырымдары мен Зигмунд Фрейдтің	Қатысушылар Абайдың рухани-адамгершілік философиясы мен Фрейдтің психоанализ теориясын салыстыра отырып, адам табиғаты туралы кеңірек және тереңірек түсінік алады. Философиялық және психологиялық	қазан

			психоанализ ілімі арасындағы байланыс пен ерекшеліктерді таныстыру арқылы жастардың философиялық және психологиялық танымын кеңейту; сондай-ақ адам табиғаты мен психикасы туралы терең ой қозғауға ынталандыру.	мәселелерге қызығушылықтары артып, сыни ойлау және талқылау дағдылары жетіледі.	
3.	**Этно-арт-терапия «ABAI ART»**	«Психологиялық қолдау қызметі»	**Арт-терапия.** Абай шығармашылығы мен ұлттық құндылықтар негізінде жастардың рухани-мәдени дамуына ықпал ету.	Сурет салу, қолөнер, музыкалық импровизация сияқты арт-терапиялық тәсілдер арқылы өз ойы мен сезімін еркін жеткізу дағдылары артады. Арт-терапия арқылы қатысушылар ішкі жан дүниесін тереңірек түсініп, өзін бағалау деңгейін арттырады.	3 наурыз
4.	**Мастер-класс: «Көшпенділер психологиясы»**	«Психологиялық қолдау қызметі»	**Мастер-класс.** Студенттердің ұлттық сана-сезімін, ішкі тепе-теңдік пен өзін-өзі тану дағдыларын қалыптастыру. Қатысушыларға этнопсихология негізінде тұлғалық даму мен психологиялық тұрақтылықты арттыру жолдарын көрсету. Ұлттық тәрбие мен заманауи психологиялық тәсілдердің үйлесімін таныту.	Студенттердің ұлттық дүниетаным негізіндегі психологиялық түсінігі кеңейіп, өзін-өзі тану, эмоциялық тұрақтылық пен рухани дамуға деген ынтасы артады. Шара барысында этнопсихология мен заманауи тәсілдер үйлесіп, студенттердің ішкі ресурстарын тануына және өмірлік қиындықтарға психологиялық тұрғыдан дайын болуына жағдай жасалады.	ақпан

	Құқықтық дәріс: «Құқықтық сауат – өмірлік қорған»	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Дәріс.*** Студенттердің құқықтық сауаттылығын арттырып, қауіпсіз, сенімді орта қалыптастыруға ықпал ету.	Буллинг, харассмент, психологиялық қысым, еңбек құқығы және интернеттегі құқық бұзушылықтар жайлы нақты мәлімет алады. Осындай жағдайларда қолдануға болатын заңдық тетіктер мен көмек көздерін біледі.	ақпан
«ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ» *Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын, ұлттық спорт түрлері мен ойындарды насихаттау, шығармашылық қабілеттерін дамыту және қазіргі заманғы өнерге баулу. Нашақорлықтың, лудоманияның және т.б. зиянды әдеттердің алдын алу*					
6.	**«Таңдауың – жарқын ертеңің» профилактикалық кездесу**	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Профилактикалық кездесу.*** Құмар ойындары деген не, оған адам қалай тәуелді болады және оның зардабының қандай болатынын түсіндіре отырып, олардың құмар ойындарына қарсы білімдерін жетілдіру мақсатында кездесу ұйымдастыру.	Студенттер арасында құмар ойынның алдын алу және олардың бойындағы адами құндылықтарды арттыру.	қыркүйек қаңтар
7.	**«Жан тыныштығы» профилактикалық дәріс**	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Профилактикалық дәріс.*** Студенттер арасында суицидтің алдын алу және суицидтік мінез-құлықтың әртүрлі аспектілері бойынша ғылыми-тәжірибелік дәріс жүргізу.	Суицидтің алдын-алу бойынша, өзін және өзгелерді қолдау туралы суицидологпен дәріс.	қазан ақпан сәуір
8.	**«Мейірімділік күші: буллингпен күрес» психологиялық тренинг**	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Психологиялық тренинг.*** Жастар арасында буллингтің (қорлау, мазақ ету,	Қатысушылар буллингтің не екенін, оның жасырын және ашық түрлерін, сондай-ақ оның салдарын нақты түсінеді. Қиын жағдайда өзін немесе басқаны қорғау	қараша ақпан

			қысым көрсету) алдын алу, мейірімділік пен өзара құрметті насихаттау.	жолдары үйретіледі (мәселен, көмек сұрау, араша түсу, дұрыс әрекет ету).	
9.	**«Сенің дауысың – маңызды» психодрама**	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Психодрама.*** Әр адамның өмірлік тәжірибесін, сезімін, шындығын маңызды деп қабылдау, қолдау көрсету мәдениетін қалыптастыру және харассменттің алдын алу жолдарын бірлесіп іздеу.	Харассмент түрлері (физикалық, вербалды, психологиялық, жыныстық) туралы нақты түсінік қалыптасады. Басқа адамның орнында болу арқылы ішкі сезім мен эмоцияны түсіну дағдысы дамиды. Қатысушылар «жоқ» деп айтудың, келісімнің маңызын және жеке кеңістікке құрметпен қараудың маңызын түсінеді.	3 желтоқсан
10.	**Студенттердің күйзеліс жағдайын анықтау тесті.** А. Т. Бек депрессия шкаласы	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Тест.*** Тестілеуді жүргізудің мақсаты - студенттердің күйзеліс деңгейін және суицидтік тәуекел тобын анықтау (2,3,4 курс). Медициналық орталықтарда пациент жағдайын анықтауға арналған міндеттелген тест. Сауалнама жүргізу тәсілі – онлайн, ашық форматта (ТАӘ, факультет, курс және байланыс нөмірі) жүргізу.	Сауалнама нәтижесінде – суицидтік тәуекел тобы, мазасыздық, депрессия жағдайы анықталады. Тәуекел тобымен жеке психологиялық жұмыстар жүргізу.	қаңтар
11.	**Суицид қауіпін анықтау сауалнамасы (Т. Н. Разуваеваның модификациясы)**	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Сауалнама.*** Мақсаты - суицид қауіпін жедел диагностикалау; суицидтің ауыр	Сауалнама нәтижесінде – суицидтік тәуекел тобы, бірегейлік, дәрменсіздік, әлеуметтік пессимизм және суицидке қарсы фактор т.б. анықталады.	ай сайын

			әрекеттерінің алдын алу мақсатында жатақхана студенттерінің (1-2 курс) суицид деңгейін және суицидтік тәуекел тобын анықтау. Жеткіншек жасқа арналған сауалнама. Сауалнама жүргізу тәсілі – офлайн, жеке немесе топтық. Ашық форматта (ТАӘ, факультет, курс және байланыс нөмірі) жүргізу.		
12.	**Психологиялық тренинг:** **1. «Салауатты өмір салты – табыстың негізі»** **2. «Буллингке жол жоқ!»** **3. «Өзіңе сен»** **4. «Дүрбелеңсіз емтихан»** **5. «Жаңа өмірге алғашқы қадам»** **6. «Өмірдің әр сәті – жаңа мүмкіндік»**	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Тренинг.*** Тренингтің мақсаты – студенттердің тұлғалық дамуын, психологиялық сауаттылығын және әлеуметтік дағдыларын арттыру арқылы олардың өмірлік қиындықтарды тиімді шешу қабілетін дамыту. Тренингтер арқылы жеке адамның сенімділігі, эмоцияларын басқаруы, ішкі потенциалын ашуы, салауатты өмір салтын ұстануы және қоғамдағы	Студенттерді позитивті ойлауға дағдыландыру, өмірдің және өмірлік құндылықтардың маңыздылығын түсіндіру.	жыл бойы

			өз орнын табуы көзделеді.		
«ЖЫЛЫ ЖҮРЕК» *Білім алушыларға әлеуметтік қолайлы орта қалыптастыру және психологиялық қолдау көрсету. Белсенді студенттерді ынталандыру және еріктілер қозғалысын дамыту*					
13.	**Психологиялық консультация жүргізу**	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Консультация.*** Студенттермен, мүмкіндігі шектеулі студенттермен, жетім балалармен және аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттермен жеке психологиялық консультация жүргізу. Психологиялық диагностика нәтижесінде анықталған тәуекел тобындағы студенттермен, ата-аналарымен жұмыстар жүргізу және психиатр, психотерапевт мамандарына жолдау.	Студенттердің табысты әлеуметтенуі мен дамуы, физикалық, психикалық және әлеуметтік денсаулығын сақтау, психологиялық қолдау көрсету, тыңдау, кәсіби бағыт-бағдар беру.	жыл бойы
14.	**Жатақханаларда мониторинг жүргізу**	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Мониторинг.*** Мақсаты – студенттердің жатақханадағы мінез-құлықтарын бақылау, профилактикалық жұмыс (әңгімелесу) жүргізу.	Студенттердің эмоцияларын, психологиялық жай күйін тұрақты бақылау, психологиялық консультация жүргізу.	жыл бойы

15.	**Сауаланама:** Бірінші курс студенттерінің студенттік өмірге, жаңа ортаға бейімділігін анықтау.	«Психологиялық қолдау қызметі»	***Сауалнама.*** Бірінші курс студенттерінің студенттік өмірге, жаңа ортаға психологиялық дайындығын және олардың оқу қабілеттерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізу.	Сауалнама нәтижесінде – студенттердің бейімделу деңгейін, қалаулары мен қажеттіліктері, мәселелері анықталады. Студенттермен жеке психологиялық жұмыс жүргізіледі.	қазан